

Ж.Б. ОШАКБАЕВА

ХХ ФАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚӨЗҚАРАСТАРЫ

ХХ ғасырдың басы қазақ киген отаршылдық қамыты қатайып, мойын бүрғызбай, күштей түсін кезі еді. Өткен ғасырдың аяқ кезінде Орталық Ресейден келген орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша өкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері қоныстанушыларға тартып өперілді. Дамудың мешеу күйінде түрган елді отаршылдық пен ұлттық езgi екі жақтан қыспақса алды. Қазак елінің болашағына қауіп төнді. Патшалық Ресей қазақтарды сауатсыз етуге, тек есқі мұсылман дінінің шырмауында ұстауга тырысты. Сондықтан олар дін иелеріне кеншілік беріп, олардың озырлық істерін жауып тастап отырды. Баспаларда негізінен, пайғамбарлар мен олардың сахабалары, өулие-әнбиелері туралы киссалар, түрлі діни-мистикалық поэмалар жарық көрді. Олар қазақ, татар, парсы т.б. тілдердің аラласқан түрінде болды.

Бұл жағдай сол кезде ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының камын ойлаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Бұл қапастан құтылудың ең бірінші қадамы – надандықтан арылу, ілгері елдің қатарына қосылу, өнер-білімге тартылу деп біліп, осы бағытта насиҳат жұмысын өрістетті.

Қазақ зиялыштарының топтасуына түрткі болған саяси оқиға 1905-1907 жж. революция еді, ол кезде ұлттық басылым болмаған. 1911 ж. 11 қантарда Троицк қаласында Мұқаметжан Сералиннің басшылығымен «Айқап» журналы жарық көрсе, 1913 ж. 2 февральда «Қазақ» газетінің бірінші саны жарыққа шығады. «Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтурсынов, ал жауапты хатшысы Міржақып Дулатов болады. «Қазақ» газеті халықтың ұлттық сана-сезімін оятып қана қоймай, сол кездеңі халықаралық жағдай, экономика, мәдениет, тарих, дін мәселелерін де қамтиды. Газеттің шығуы мен ел ішіне тарауы да онайға түспеді, онда басылған материалдар да ел билеушілердің, патша өкіметінің көнілінен шыға бермеді. «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыштарын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тынымсыз соғылған қонырау сынды халықтың қалғи

бастаған рухын оятып, мындаған зерделі жасты ұлттық төуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі саяси-қоғамдық үйім: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының үйымдастыруна үйіткі болған да осы газет. Заман аударылып-төңкөріле бастаған тұста Қазақ елін аласаптыраннан аман-есен алыш шығып, ез алдына дербес автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуі мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет. Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды жария еткенімен, іс жүзінде мұлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қана-рына қарсы тұру мүмкін болмай қалды, – деп жазады академик Әбдімәлік Нысанбаев [1, 105]. «Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозралысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор өсер етті. Алашорда құрылған тұста төуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар болатын. Ахмет пен Міржақып идеясы елді ояты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар ояныды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алыш кетті. С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауитов, С. Дөнентаев, С. Көбеев, М. Сералин, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты жастар бірін-бірі толықтыра тұсті.

Ұлт зиялыштарының акындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын үйқыдан оянуға, елдің көзірігі күйіне көз салып, ілгері үмтүлуге, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осында мазмұнда жазылған Ахмет Байтурсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған еткір сөздердің бірі болды.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты
Откізбей қаранғыда бекер жасты!

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам бол,
Қазағым, енді жату жарамасты! –

«Оян, қазақ!» жинағының кара сөзben жазылған кіріспесінде заман күн сайын өзгеруде, біз осынай қозғалмай жата берсек, не боламыз, бұған үрынбау үшін екі нөрсе қажет дейді:

«... соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін, көнілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық.

Екінші дүниемізді қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сактау үшін, басқалардан корлық көрмеу үшін орысша оқып, өнерлі болалық» [2, 15-16].

Патшалық отарлау саясатының ашықтанашық халықты орыстандыруға көшкенін көрген ұлт зияльшары өз ойларын «Қазақ» газетінде жариялады. Петроградта өткен мұсылмандар съезінің жумысында қаралған өз талаптарын ашық айта білді. Дін басылары мұфтиден бастап ауыл, село молдалары сайлау арқылы өтсін, мұсылман дін басыларына орыс толтарымен бірдей жалақы төлесін, ауылдарда діни мәдреселер, мектептер ашылсын деген тілектерін білдірді, яғни халық ең алдымен өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын білу керек екенін жеткізе білді. Алдымен ауылда қазаша оқып, содан кейін қалаға барып орыс тілінде білім алу керек деп дәлелдеуге тырысты.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зияльшарының өз тарихи миссиясын абыраймен атқарып шыққаны анық. Олар патшалық және кеңестік отарлаушылардың дүлей күш алдында төтеп бере алмағанына қарамастан сол замандағы қазақ қоғамының ең ықпалды саяси-әлеуметтік күш бола білді [3, 156].

ХХ ғасыр басындағы зияльшар — қазақ халының рухани ояна бастаған тұсында қоғамдық аренада шығып, оның ұлт-азаттық жолындағы күресінің алғашқы дем берушілері болған, сол халықтық қозғалыстың көсемдері бола білген адамдар. Оларды ХХ ғасырдың басындағы Ресейдегі революциялық күрес идеялары, 1905 жылғы орыс революциясының алғашқы дүмлүі мен қазақ қоғамының сол кездегі тарихи жағдайлары туғызды. Олар алғашқы орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси жеңілдіктерді пайдаланып, қазақ халқын феодалдық-патриархалдық шенеуніктен алып шығуға, патшаның отаршылдық құлдығынан құтқаруға, оларға өнербілім, ғылым жолын, өз алдына дербес ел болу жолын көрсетуге үмтүлді. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, олар «жетім қалған халының, жесір болған жерінің» жоғын жоқтаушы болуға тиісті еді. Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мұстафа, Жұсіпбек, Мағжан — қазақ халқы алдындағы осы бір тарихи міндеттерді абыраймен атқарды. Азаттық пен күрес жолында олар нағыз үлкен өріппен жазылатын Азаматтықтың туын биік үстады.

Осындай алаштың ардақты азаматтарына «панисламшыл» (панисламист) және «пантүрікшіл» (пантюрист) деген ат қойылып, айдар тағылды.

Кейбіреулеріне Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп алып, Түркияға біріктіруді насиҳаттадың деген жала жабылды. Панисламизм мен пантюризм қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында пайдада болды. Бұл бір кездегі саяси-экономикалық жағдайларға байланысты тұған тарихи объективтік, қоғамдық идеология, ұлы мемлекеттердің отарлау саясатына, шапқыншылық әрекеттеріне қарсы жүргізілген бостандық үшін күреске бірігуден тұған занды құбылыс еді. «Панисламизм» ұғымының шығу төркіні екі сөзден: «ислам—арабтың бас ию, тағым ету; пан — гректің барлығы, бәрін қамтитын деген сөздерінен құралған. «Пантюризмнің» де түп-төркіні осындай.

Панисламизмнің негізін салушылар — белгілі ғалым Жамал-аддин Афхани мен Египет мұфтиi Мұхаммед-Әбду. Бұлар өздерінің ілімін 1908 жылы Туркияда болған төңкерісте орнынан түскен сұлтан Абдул-Фәмид Екіншінің қолдауымен Шығыс халықтарына таратқан. Олар алдымен ислам ілімін төрек насиҳаттаумен шүғылданды [4, 8]. Ислам — азаматтың ой-санасын оятып, пифылын мейірлендіру үшін алланың жіберген шараптатты-шапағатты ілімі. Ислам бүкіл жанды, жансыз дүниенің сыр-сипаты туралы ізгі түсінік екенін кеңінен түсіндірген.

Ислам туын жоғары үстап, батыс Еуропа отаршыларының басқыншылық саясатына қарсы күрескен мұсылман мемлекеттерінің азаттық жолында бірлесуге тырысқан әрекетін большевиктік идеологтар діни-кертартпа саяси ағым деп қаралды және ислам діні Еуразияның көптеген елдерінің халықтарына күшпен танылған деп шындықты бүрмалаумен келді. Ислам діні негізінен қантөгіссіз, халықтың қолдауымен қалыптасқан. Ислам діні халықтың дүниеге көзқарасында, ұлттық санасында, тұрмыс салты мен әдет-ғұрпында он үш ғасыр бойы өзінің айқын ізін қалдырды.

Кейінгі ғасырларда түрік халықтарының көбін жауап, зорлықпен бағындырған империя — Ресей еді. Олар түрік халықтарын бөлшектеп, бір-біrine айдаған салып, дәстүрін, тілін ұмыттырып, дінін өзгертуді мақсат етті. Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы шыққан Түркия болды. Жас түрікшілер деп аталатын топ барлық түрік тілдес халықтарды бірлікке шақырды. Арғы тегі бір, діні бір, тілі бір Орталық Азиядағы, Ресейдегі, Кавказдағы бауырларын Түрік туы астына бірігіп, ұлы мемлекет құруға ұран тастайды. Бұл ұрандың көптеген түрік тілдес халықтар қошеметпен қарсы

алды. Бірақ кеңес үкіметі бұл қозғалыстарға тойтарыс берді (оның ішінде Алаш партиясы да бар). Азаттық үшін, бірлік үшін құрескен түрік тілдес халықтардың арасынан шыққан азаматтарға түрікшіл, исламшыл (пантюркист, панисламист) деген айдар тақты.

Ресейдін, ал кейінрек Кеңес империясының құрамында болған түркі тілдес халықтардың арасында түрікшілдік идеясы кеңінен тамыр жайғаны, бұл идеяның озық ойлы зияялар үшін негізгі бағыт-бағдардың біріне айналғаны мәлім. Олардың осынау аса бай, рухани мұрасы қазіргі жаһандану заманында түркі тілдес халықтардың тарихи, мәдени, идеялық-саяси түрғыдан байланыс орнату жолында құш біріктіруге мензейтін сара жол болып отыр. Бұған Исмаил Гаспринский, Мұстафа Шоқай, Фейазхан Маржани, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сияқты көптеген ұлы тұлғалардың қызметі мен шығармалары айқын дәлел, – дейді Ә. Нысанбаев [3, 155-156].

Ресейде түрікшілдік жолын тұңғыш насихаттаған Исмаилбек Гаспринский болды. Ол ескі араб алфавитін түркі халықтары тіліне лайықтап, ескі жазудан жана усули-жәдіктек көшуді ұсынды. Оку құралдарын жасап, мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оку жүйесін қайта құрып, жаңадан бағдарламалар жасап, жастардың сауат ашып, білім алуына жеңілдіктер жасады. Жәдидшілдік – түркілік әлеуметтік-этникалық кеңістікте пайда болған және исламның ауқымындағы рухани жаңғыру жолындағы әлеуметтік субъектілердің әрекеттерінің жиынтығы. Жәдидтік ағым ұлттық езгіге қарсы тұрған ағым болатын. Оның астарында ағартушылық принциптері арқылы қоғам мен адамды жетілдіру жатыр. Жәдидтік қозғалыс XX ғасыр басындағы демократия бағытындағы қозғалыс болды. Зиялы қауым патшалық отарлаушылардың құшіне төтеп бере алмаса да сол қағамдағы жоғарғы деңгейдегі саяси-әлеуметтік күшке айналды. Қоғамдық ортаны жасайтын адам, сондықтан да әр адамның ішкі дүниесін жетілдіру арқылы ғылымды менгеруге тырысты және бұл жолда жаңашылдық жолын ұстанды.

Ресей мұсылмандары түрікшілдік идеясын қолдап, солармен бірігүе тырысты. Түрікшілдіктің ең ұлкен парызы – түркілерге беріле қызмет ету. «Түрік» – ұлттың аты. Ұлт өзіне тән мәдениеті бар топ деген сөз. Ондай жағдайда түріктің бір ғана тілі, бір ғана мәдениеті болуы мүмкін. Түрікшілдердің алыстағы мұраты – «Тұран» де-

ген атап астында бірігіп отырған оғыздарды, татарларды, қырғыздарды, якуттерді тілде, әдебиетте, мәдениетте біріктіру болатын. Тұран мұраты киял ғана емес, ол тарихта шындыққа да айналған. Біздің дөүрімізден екі жұз он жыл бұрын ғұн әміршісі Мәде «ғұндар» атауымен бүкіл түріктерді біріктіргенде Тұран мұраты шындыққа айналған еді. Ғұндардан кейін аварлар, аварлардан кейін қөктүріктер, қөктүріктерден кейін оғыздар, олардан кейін қырғыз-қазақтар, кейінрек Құр хан, Шынғыс хан, ең соңында Әмір-Темір Тұран мұратын шындыққа айналдыған жоқ па еді. Тұран – барлық түріктердің бұрын шындыққа айналған немесе болашақта шындыққа айналатын ұлы Отаны» [5, 18-19]. Түрікшіл – ұлттық мұддені жеке бастын мұддесінен жоғары қоятын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, имандылық парызы биік жан. Жағымпаз адамдар түрікшіл бола алмайды. Түрікшілдік – ынтымақтастық, ол аз күшпен көп жұмыс тындырудың кепілі. М. Жұмабаевтың «Түркістан» деген өлеңіндегі:

Түркістан – екі дүние есіргі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесіргі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңірі берген несібі ғой [6, 173], –

деген жолдарынан оның түрік деп соққан жүргегі айқын көрініп түр. Ал Тұраншылдық – түркілердің бірігүе идеясы, нәсіл тазалығы. Тұраншылдыққа деген ықыласын Мағжан Жұмабаев өте терең сезіммен жырлайды:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйірік киял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе? [6, 174].

Халық қамын ойлаған қазак зиялыштары Мұстафа Шоқай, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамбетовтер Түркістан автономиялы мемлекетін құру ұранын көтерді, оны Алаш партиясы жүзеге асыруға кірісті. Осы көштің басында Мұстафа Шоқай болды. Оның өзіндік ерекшеліктерінің бірі – түрікшілдікті насихаттауы еді. Орыстар оған «кемалишы» деген ат қойған. Мұстафа Шоқай түрікшілдік идеясы үшін өз әмірін сарп еткен адам.

Ұлт зиялыштарының «бул ұлы арманы Кеңес Одағы ыдырап, әлем картасында түркі халықтарының жаңа тәуелсіз мемлекеттері пайда болғаннан кейін ғана жүзеге аса бастағаны белгілі. Түркі халықтарының бүгінгі өзара саяси, экономикалық және мәдени-рухани қарым катынас-

тарының даму қарқыны жаман емес...» [3, 163]. Жиырмасыншы ғасыр басындағы шоқжұлдыздардың сол заманда көтерген мәселелерінің мәні терең екенін енді біле бастағандаймыз. Олар өз заманынан озық түған тұлғалар еді. Олар елді, бүкіл халықты, кейінгі жастарды ояты. Өздері заманың алға тосқан тосқауылдарына қарамастан халқына адал қызмет етті, өз халқының ұлттық сипат, ерекшеліктерін, адамзат қофамы ауқымында алатын орнын, өзгеге үқсай бермес асылдарын, жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан табылар өзіндік үлесін Уақыт және Кеңістік сияқты философиялық ұғымдар аясында зерде-ден өткізді. Қазақтың басын қосып, жеке ұлттық мемлекет жасаймыз деп бел байлағанда, ұлт бойындағы қайталана бермейтін болмыс, асқақ рух, бай тарих алашорда қайраткерлерінің қиялына қанат бітіріп, жігерлендіре түсті. Бүгінгі республиканың дербестік, егемендік алу идеялары, ұлттық тіл мен әдебиеті, дәстүрлерімізді дамыту жөніндегі ойларды сол кездегі ұлт зиялышлары айтып кеткен. Олардың мұрасының ескірмей, құн сайын жаңарып отыруы да осында жатыр.

Ұлттымыздың зиялышлары – халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жаңары, қофамыздың әділ қазысы. Мемлекет, қофам, ұлт деңгейінде пайымдайтын зиялышларымыз – біздің бага жетпес байлығымыз, сарқылмас қазынамыз [7, 247].

ӘДЕБИЕТ

1. Нысанбаев Ә. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. Алматы, 2002. 264 б.
2. Дулатулы М. Оян, қазак! Алматы: Алтын Орда, 1991.
3. Нысанбаев А. Глобализация и проблемы межкультурного диалога в 2-х томах. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2004. Том 1. 274 с.; Том 2. 308 с.
4. Құдышев О. «Панисламизм және пантюркизм» немесе тарих тағылымы не дейді? // Ақиқат. 1995. № 3.
5. Қекалып З. Турікшілдік негіздері. Алматы: Мерей, 2000. 130 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 448 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Төуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы: Қазақстан, 1996. 640 б.

Резюме

В статье рассматривается дифференциация казахской интеллигенции на разные религиозно-философские течения. Раскрываются значения религиозных понятий «панисламизм» и «пантюркизм».

Summary

It is viewed the differentiation of Kazakh intelligentsia into various religious-philosophical trends. The author reveals the meaning of religious notions "pan Islamism" and "pan Turkism".